

3634-11

«Қызылорда облысы
бойынша тексеру комиссиясы»
мемлекеттік мекемесі



Государственное учреждение
«Ревизионная комиссия
по Кызылординской области»

120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс и/з
тел./факс: 8 (7242) 60-54-66
e-mail: kyz_revkom@mail.ru

120003, город Кызылорда, ул. Сұлтан Бейбарыс б/н
тел./факс: 8 (7242) 60-54-66
e-mail: kyz_revkom@mail.ru

13.10.2017ж. № 06-7/2091

«Жалағаш аудандық жұмыспен қамту,
әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық
хал актілерін тіркеу бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің басшысы Э. Құттымбетоваға

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 17-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген «Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидасының» 192 тармағына сәйкес «Жалағаш ауданының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелері мен ұйымдарына бөлінген қаржылардың пайдаланылуына, аудан бюджетіне түсетін түсімдердің толықтығы мен уақытылығына, жергілікті бюджетке қате (артық) төленген соманың қайтарылуына, есепке алудың дұрыстығына» жүргізілген мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша 2017 жылдың 13 қазандағы №183 Нұсқаманы орындау үшін жолдайды.

Нұсқамада көрсетілген мерзімге дейін атқарылған іс-шараларды дәлелдеуші құжаттарымен бірге жазбаша түрде Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясына ұсынуларыңыз қажет.

Қосымша:

1. 13.10.2017 ж. №183 Нұсқама – 2 парақта.

Тексеру комиссиясының мүшесі

М. Сатлабаев

004536



3625-П
«Қызылорда облысы
бойынша тексеру комиссиясы»
мемлекеттік мекемесі



Государственное учреждение
«Ревизионная комиссия
по Кызылординской области»

120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс и/з
тел./факс: 8 (7242) 60-54-66
e-mail: kyz_revkom@mail.ru

120003, город Кызылорда, ул. Султан Бейбарыс б/п
тел./факс: 8 (7242) 60-54-66
e-mail: kyz_revkom@mail.ru

13.10.2017ж № 183

«Жалағаш аудандық жұмыспен қамту,
әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық
хал актілерін тіркеу бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің басшысы Э.Құттымбетоваға

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының

№183
НҰСҚАМАСЫ

Қызылорда қаласы

2017 жылғы «13» қазан

«Жалағаш ауданының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелері мен ұйымдарына бөлінген қаржылардың пайдаланылуына, аудан бюджетіне түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылығына, жергілікті бюджетке қате (артық) төленген соманың қайтарылуына, есепке алудың дұрыстығына мемлекеттік аудит».

Мемлекеттік аудитпен 2015 жылдың 01 шілдесінен 2017 жылдың 30 маусым айына қоса алағандағы кезең аралығындағы 324404,1 мың теңгенің қаражаты қамтылып жалпы анықталған бұзушылықтардың көлемі 677,7 мың теңгені құрады. Оның ішінде: бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бұзушылықтар 461,7 мың теңге, ресімдік сипаттағы бұзушылықтар 216,0 мың теңге. Мемлекеттік аудит барысында бюджетке өтелген, қалпына келтірілген қаражат жоқ.

0044997 Мемлекеттік аудит қорытындысы негізінде Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы **ТАЛАП ЕТЕДІ:**

1.«Жалағаш аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Э.Құттымбетоваға:

1) 2014 жылы облыс әкімінің грантымен Қазақ ұлттық аграрлық университетіне оқуға түскен Жалағаш ауданының тұрғыны А.Қуанышпен жасалынған үш жақты келісім-шарттың 2-бөлімінің 2.1.5-тармағының талаптары сақталмай, оқудан шығып қалған А.Қуаныш оқуына төленген шығындарды облыстық бюджетке толық қайтарылмаған, бүгінгі күнге қарыз **461,7 мың** теңге қаржыны жергілікті бюджеттің кірісіне (206109 кодына) өтеуге;

2) **2017 жылдың 20 қарашасынан** кешіктірмей жүргізілген аудит іс-шарасы бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жоюға, алдағы уақытта болдырмау іс-шараларын жасауға, бұзушылыққа жол берген лауазымды адамдардың жауапкершілігін қарауға, қолданылған шаралар туралы ақпаратты растайтын құжаттарымен бірге жазбаша ақпарат беруге;

3) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №17-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген «Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларының» 229-1 тармағына сәйкес, осы нұсқаманың тармақтары белгіленген мерзімде орындалмайтын жағдайда, орындалатын мерзімінен жеті жұмыс күні бұрын орындалмаудың себептерін, орындау мерзімін ұзартудың қажеттігін дәлелдейтін растаушы құжаттармен қоса хат енгізуге.

2. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 25 бабының 2 тармағына сәйкес, осы Нұсқаманың талаптары өздеріне арналған барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар мен аудит объектілерінің лауазымды адамдары орындауға міндетті құжат болып табылады және оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Осы нұсқаманың талаптарын орындамау немесе тиісінше орындамау Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің» 462-бабының 3 тармағына сәйкес айыппұл салуға әкеліп соғады.

3. Осы нұсқаманың орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

Тексеру комиссиясының мүшесі



М. Сатлабаев

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
«ЖАЛАҒАШ АУДАНДЫҚ
ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ,
ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР
ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ХАЛ АКТІЛЕРІН
ТІРКЕУ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ,
СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ И
РЕГИСТРАЦИИ АКТОВ
ГРАЖДАНСКОГО СОСТОЯНИЯ
ЖАЛАГАШСКОГО РАЙОНА»
ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120200, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі, 1
Тел: 8 (72431) 31-3-93 факс: 8 (72431) 31-6-00
e-mail: zhalsobes@korda.gov.kz

120200, кент Жалағаш, улица Желтоқсан, 1
Тел: 8 (72431) 31-3-93 факс: 8 (72431) 31-6-00
e-mail: zhalsobes@korda.gov.kz

№ 01-07/267-3940

16.11.17

**Қызылорда облысы бойынша
тексеру комиссиясының мүшесі
М.Сатлабаевқа**

2017 жылғы 13 қазандағы
№06-7/2091 хатына

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының Жалағаш аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінде мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша жүргізілген 2017 жылдың 13 қазандағы №183 Нұсқаманың орындалуы туралы төмендегі жағдайды хабарлаймын.

2014 жылы облыс әкімінің грантымен Қазақ ұлттық аграрлық университетіне оқуға түскен Жалағаш ауданының тұрғыны А.Қуанышпен жасалынған үш жақты келісім-шарттың 2-бөлімінің 2.1.5-тармағының талаптары сақталмай, оқудан шығып қалған А.Қуаныштан оқуына төленген 461 694 теңгені өндіру туралы Жалағаш аудандық сотына 28.02.2017 жылы талап арыз берілген. 2017 жылы 29 наурызда жауапкер А.Қуаныштан 461 694 теңге өндіру туралы сот шешімі шығарылып, атқару парағы Қызылорда облысы бойынша жеке сот орындаушысы Б.Еркебаевқа жолданған. Сот шешімінің орындалуы туралы хатпен мәлімет сұратылды. Сот орындаушы Б.Еркебаевтан ҚР «Атқарушылық жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының талаптарына сәйкес атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы қаулы қабылданып, 06.11.2017 жылғы қаулысымен борышкер А.Қуаныштың Қазақстан Республикасының аумағынан шығуына уақытша шектеу қойылғаны, Жалағаш аудандық сотымен санкцияланған қаулы екінші деңгейдегі банктердегі және «Казпочта» АҚ-на орындауға жолданғаны жөнінде 07.11.2017 хаты келіп түсті.

Мемлекеттік аудит барысында анықталған рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар мен кемшіліктер қалпына келтірілді.

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда аймақтық құқықтық ақпарат орталығымен 2017 жылы 23 қаңтарда жасалған №6 келісім-шарты 2017 жылы 28 қыркүйектегі №6-1 қосымша келісім-шартымен тоқтатылды.

Тексеру барысында анықталған кемшіліктерді алдағы уақытта болдырмау бөлімнің бухгалтерлік құжаттарын, есеп-қисап жұмыстарын жүргізуге жауапты статист Ж.Бүркітбаеваға қатаң тапсырылды.

Облыстық бюджетке қайтарылуға тиіс 461 694 теңгенің орындау мерзімін 2018 жылдың қыркүйегіне дейін ұзартуды сұраймын.

Бөлім басшысы  Э.Құттымбетова

20.11.2017-ғы № 01-6/2363 шығыс

хаты

**«Қызылорда облысы бойынша
тексеру комиссиясы»
мемлекеттік мекемесі**



**Государственное учреждение
«Ревизионная комиссия
по Кызылординской области»**

120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс н/з
тел./факс: 8 (7242) 60-54-66
e-mail: kyz_revkom@mail.ru

120003, город Кызылорда, ул. Сұлтан Бейбарыс б/н
тел./факс: 8 (7242) 60-54-66
e-mail: kyz_revkom@mail.ru

2017 жылғы «__» _____

№ _____

*М. Г. Рахметова
М. Г. Байкешметова
М. Н. Бекерова
М. Байрамаулы Уетаулы
Әкімші*

**«Жаляғаш аудандық жұмыспен қамту,
әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық
хал актілерін тіркеу бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің басшысы Э.Құттымбетоваға**

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының 2017 жылғы 13 қазандағы №183 Нұсқаманың орындалуы мерзімі 2018 жылдың 1 қыркүйегіне дейін ұзартылғанын хабардар етеді. Сонымен қатар нұсқаманың талаптарын орындамау немесе тиісінше орындамау және анықтаған бұзушылықтарды жою бойынша қолданатын шаралар туралы ақпаратты бермеуі не уақтылы бермеуі Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің» 463-бабының 3-тармағына сәйкес айыппұл салуға әкеліп соғады.

Тексеру комиссиясының мүшесі

М. Сатлабаев



